

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған нақтыланған бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1048

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған нақтыланған бюджеті (қоса беріліп отыр):

кірісі бойынша 152236,4 млн. теңге сомасында:

шығысы бойынша 152236,4 млн. теңге сомасында бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры бюджетінің кірісі мыналардың есебінен құралатын болып белгіленсін:

меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын азаматтардың, сақтандыру жарналарының;

жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын тағайындалатын зейнетақыларға байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамтамасыз ету мақсатына аударатын қаражатының;

жұмыс берушілер мен азаматтардан кері талап ету тәртібімен өндіріліп алынатын қаражаттың;

жарна төлеушілердің сақтандыру жарнасы бойынша өтеуге тиісті берешегі жөніндегі қаражатының, оның ішінде:

1997 жылдың 1 қаңтарына өткен жылдан ауысқан ақша қаражатының қалдықтарының;

Қазақстан Республикасы Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінен алынған несиелердің есебінен қалыптасады деп белгіленсін.

3. Республикалық бюджеттен 36000 млн. теңге сомасында алынған трансферттер зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеу үшін жұмсалсын.

4. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорынан қаражаттар: "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін зейнетақыларға; зейнетақыларды төлеу және жеткізіп беру жөніндегі қызметтерге жұмсалатын шығыстарға;

шетелге тұрақты тұруға кеткен азаматтарға еңбек жарақаты немесе кәсіби ауруы салдарынан тағайындалатын зейнетақыларды төлеуге;

жерлеуге берілген жәрдемақыны төлеуге;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға жеңілдіктер беру және оларды

әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығына U952247_ сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жыл сайын жәрдемақы төлеуге;

Қазақстан Республикасының Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінен алынған несие сомаларын қайтаруға бағытталсын.

5. Облыстар мен Алматы қаласының зейнетақы қорларының бюджеттерінде түсетін сақтандыру жарналарының бір бөлігін (30 процент мөлшерінде) "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының есептері бойынша елеулі кемшіліктер және қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 1306 P951306_ қаулысына және оған енгізілген өзгерістерге сәйкес Қазақстан Республикасының орталықтандырылған шотына аудару көзделсін.

6. Төменде аталған облыстардың әкімдері облыстар мен Алматы қаласының Зейнетақы қорларының бюджеттерінде аударымдарды көздесін және белгіленген аударымнан тыс аударымдарды Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына ай сайын бірдей үлесте аударып тұруды қамтамасыз етсін:

Атырау облысы бойынша - 2407,13 млн. теңге;
Маңғыстау облысы бойынша - 1171,51 млн. теңге;

Алматы қаласы бойынша - 1693,62 млн. теңге.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.12.30. N 1868 қаулысымен P971868_ .

7. Зейнетақы қорының орталықтандырылған қаражатының есебінен қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлеуге 170 млн. теңге көзделсін.

ЕСКЕРТУ. 7-ші жаңа тармақпен толықтырылды, 7-10-тармақтар тиісінше 8-11-тармақтар болып саналды - ҚРҰ-нің 1997.12.30. N 1868 қаулысымен P971868_ .

8. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Статистика жөніндегі ұлттық агенттігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі кәсіпорындардың сақтандыру жарналары бойынша берешектерін есепке алу жөніндегі есеп беруді ретке келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін.

9. Сақтандыру жарналары Зейнетақы қорына түспей қалған жағдайда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Қазақстанның акционерлік Халықтық Жинақ Банкінен зейнетақы төлеу үшін Зейнетақы қорының жылдық кіріс сомасынан 1,97 проценттен аспайтын несиелік ресурстарды ала тұруына рұқсат етілсін.

10. Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған бюджетінің атқарылуына бақылау жасау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Н.А.Коржоваға, Қаржы

министрлігі Салық комитетінің төрағасы М.Т.Есенбаевқа және облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне

жүктелсін.

Зейнетақы төлеу бойынша берешектерді төлеу үшін жауапкершілік төлеу жөніндегі агентке - Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкіне жүктелсін.

11."Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған бюджетін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 ақпандағы N 143

P970143_

қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 2 шілдедегі
N 1048 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған
Зейнетақы қорының нақтыланған бюджеті

(млн. теңге)

Кіріс	(млн. теңге)	
	Зейнетақы қорының бекітілген бюджеті	Зейнетақы қорының нақтыланған бюджеті

1. Меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын азаматтардың сақтандыру жарнасын аударуы	102265,8	97064,3
--	----------	---------

2. Жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын тағайындалатын зейнетақыға байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамтамасыз ету мақсатына аударатын қаражаты	210,0	210,0
3. Жұмыс берушілер мен азаматтардан кері талап ету тәртібімен өндіріліп алынатын қаражаты	13,0	13,0
4. Сақтандыру жарнасы бойынша берешекті, өтеу шотына төлеушілерден және 1996 жылы балалы отбасыларына төленген жәрдемақыға шыққан шығысты өтеу шотының Зейнетақы қорына бюджеттен түсетін қаржылар	62936,7	8026,5
оның ішінде:		
а) сақтандыру жарнасы бойынша	60361,5	2791,0*
б) балалы отбасыларына төленетін жәрдемақы бойынша	2575,2	5235,5

Ескерту:

Зейнетақы қорына төленетін сақтандыру жарнасы бойынша берешек 1997 жылдың 1 қаңтарына баланс бойынша 60,4 млрд. теңге.

5. 1997 жылдың 1 қаңтарына қарай ақша қаражатының ауыспалы қалдығы	1016,1	519,2
6. Қазақстанның Халықтық Банкінен алынған несиелер	8000,0	10403,4
7. Республикалық бюджеттен алынған трансферттер		36000,0
Кіріс жиыны	174441,6	152236,4

Шығыстар

1. "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін зейнетақылар оның ішінде:		
еңбек зейнетақысы	114228,2	102769,1
әлеуметтік зейнетақы	2237,2	2245,8
мерзімді қызметтің әскери қызметшілері қатарындағы мүгедектерге төленетін зейнетақы	408,1	408,1
2. Зейнетақы төлеу жөніндегі берешекті өтеу	31583,0	30700,0
3. Зейнетақы төлеу және оны жеткізіп беру қызметіне жұмсалатын шығыстар	890,7	816,7
4. Шетелге тұрақты тұруға кеткен азаматтарға еңбек жарақатына немесе кәсіби ауруы салдарынан тағайындалатын зейнетақыны төлеу	39,0	39,0
5. Жерлеуге берілетін жәрдемақыны төлеу	853,0	853,0
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары әлеуметтік және өзге де төлемдерді есептеу үшін есепті көрсеткіштің төрт есе мөлшерінде жылына бір рет берілетін жәрдемақыны төлеу	233,0	233,0
7. Қазақстанның Халықтық Банкінен алынған несие сомасын қайтару	12081,6	14171,7
Шығыстардың жиынтығы:	174441,6	152236,4
Кірістердің шығыстардан асуы:		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК